

Қарағанды Мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеументтік-саяси пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі
Орындаған: Сәрсенбаева Ж
Мирзабекова Ұ ЖМФ 127 топ
Тексерген:

Қарағанды 2011ж



Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі



Жоспары:

❖ Кіріспе.

Қазақстан республикасының сайлау жйесі

❖ Негізгі бөлім

1. Кім президентікке сайлана алады?
2. Кім сенат депутатына сайлана алады?
3. Кім мәжіліс депутатына сайлана алады?
4. Кім маслихат депутатына сайлана алады?
5. Сайлауалды үгіт-насихат
6. Қаржыландыру қоры

❖ Қорытынды



Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың басты принципі еркін сайлау және референдум арқылы жүзеге асырылатынын, ал, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігін белгілейді.

Демократиялық сайлау – негізгі саяси-құқықтық институт. Демократия саяси сайлау процесінен, яғни азаматтар үшін заңмен белгіленген мерзім ішінде олардың мүдделерін білдіруге ғана емес, сайлаушы азаматтармен бекітілген деңгейде дербес даму саясатын жүргізуге ниетті әртүрлі тұлғалар, партиялар арасынан таңдауды мүмкін деп қарастыратын және заңды негізде таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін процестен тыс іске асырыла алмайды.

Заң шығарушы (өкілді) мемлекеттік органдарды сайлау кезінде негізгі екі сайлау жүйесі қолданылатыны белгілі. Олар – барабар және мажоритарлық жүйелер. Олардың белгілі бір үйлесімі негізінде дауыс берудің аралас жүйесі қалыптасады.

Қазақстанда қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 98 депутатын сайлауда барабар сайлау жүйесі қолданылады.

Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Барабар жүйе бойынша сайлау партиялық тізімдер үшін дауыс беру дегенді білдіреді. Барабар сайлау жүйесінің негізгі мақсаты көппартиялық жағдайында партиялардың барабар өкілдігін қамтамасыз ету болып табылады. Сайлау партиялық тізімдер бойынша жүргізіледі. Бұл ретте Парламентке өту үшін партияның міндетті түрде алуы тиіс сайлаушылар дауысының проценті түріндегі заңнамалық тосқауыл қолданылады. Қазақстанда ол 7% құрайды.

Мінсіз сайлау жүйесі жоқ. Кез келген жүйенің өз артықшылықтары және өз кемшіліктері бар. Сайлаудың халықаралық стандарттары да мемлекеттерге сайлау жүйесін таңдау бойынша қандай да болмасын талаптар қоймайды.

Қазақстанда сайлауларды және референдумдарды өткізудің ережелері, рәсімдері мен негізгі ұстанымдары ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен, Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңымен, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының қаулыларымен белгіленеді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында Қазақстан азаматтары тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқылы делінген. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасында сайлау азаматтардың өзінің сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген. Бұл ретте Президентті, Парламен Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматтарды сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның ерік білдіруін шектеуге ешкімнің құқығы жоқ.

Сайлау құқығының түрлері:

- **Жалпыға бірдей сайлау құқығы** – Қазақстан азаматтарының он сегіз жасқа толғаннан кейін тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан, немесе кез келген өзге жағдаяттардан тыс, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.
- **Бәсең сайлау құқығы** - Қазақстан азаматтарының, оларға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттарының депутаты, немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болып сайлану құқығы
- **Тең сайлау құқығы дегеніміз** сайлаушылардың Президентті, Республика Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір сайлау бюллетені бойынша бір дауысқа ие дегенді білдіреді. Сайлаушылар жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы тең дауыс санына ие. Кандидаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген шекте сайлауға қатысуға құқылы.
- **Төте сайлау құқығы** - Президентті, Республика Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін азаматтардың тікелей сайлауы.
- **Жанама сайлау құқығы** - Парламент Сенаты депутаттарын сайлауға таңдаушылардың - мәслихаттар депутаттары болып табылатын Қазақстан азаматтарының қатысуы. Таңдаушылар сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.



Дауыстарды санау жүйесі

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның «Сайлау жүйелері» деп аталатын 9-бабына сәйкес, Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

□ дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) елу процентінен астамының дауысын алған;

□ қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған кандидаттар сайланған болып саналады.



- Сайлау
 - Президент
 - Республика Президенті болып тұмысынан республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлан алады

- Сенат
 - Сенатының депутаттығына, бес жылдан кем емес азаматтығы бар, жоғары білімі бар және жұмыс тәжірибесі бес жылдан кем емес тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе республика астанасында бес жылдан кем емес өмір сүрген және белсенді сайлау құқығы бар Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

- Мәжіліс
 - Республика аумағында соңғы 10 жыл тұрақты тұратын, жасы жиырма беске толған, Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады.

- Маслихат
 - Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы бола алады,



ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚОРЫ

• Сенат

- Республикалық бюджет қаражатынан:
 - сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбек ақы төлеуге;
 - [«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»](#) Конституциялық заңына сәйкес үміткерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне үміткерлердің сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге, үміткерлердің үгіт материалдарын шығаруға;
 - Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлікке жұмсаған шығындары жабылады

• Мәжіліс

- Республикалық бюджет қаражатынан:
 - сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбек ақы төлеуге;
 - [«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»](#) Конституциялық заңына сәйкес үміткерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне үміткерлердің сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге, үміткерлердің үгіт материалдарын шығаруға;
 - Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлікке жұмсаған шығындары жабылады.

• Маслихат

- Республикалық бюджет қаражатынан:
 - сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбек ақы төлеуге;
 - [«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»](#) Конституциялық заңына сәйкес үміткерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне үміткерлердің сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге, үміткерлердің үгіт материалдарын шығаруға;
 - Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлікке жұмсаған шығындары жабылады.



Сайлауалды үгіт дегеніміз не және ол қалай өткізіледі?

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;
- баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.



Үгіт-насихат алдындағы шектелген құқықтар:

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары болып табылатын кандидаттардың өзінің лауазымдық және қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады. Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу не осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады. Сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдарының осы тармақта белгіленген ережелерді бұзуы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Қандай да бір адамның бейнесін - оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.



Назарларыңызға рахмет

